

С. Сейфуллин атындағы ЖББ мектебі КММ

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»

БАЯНДАМА

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

мектеп педагог-психологы Шакенов А.Т.

2024 – 2025 оқу жылы

Мақсаты

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілейді.

“Сыбайлас-жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "conruptio" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Жемқорлықтың жалпылама белгілері

Лауазымды адам

Ақша немесе мүлік сипатында пара алу

Пара
беруші

Нәтижесінде:

Қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, қоғамдық мүліктерді талам таражға салу

Өзіне тән белгісі-сыбайлас жемқорлық қақтығыс іс-әрекеттері арасындағы лауазымды тұлғаның мүдделері мен оның жұмыс берушінің арасындағы қақтығыс іс-әрекеттерімен сайланбалы тұлға және қоғам мүддесі болып табылады. Мемлекеттік биліктегі лауазымды тұлғаның көптеген түрлері ұқсас алаяқтық, қарсы қылмыс сыбайлас жемқорлыққа санатына жатады. Басты ынталандыру сыбайлас жемқорлыққа алу мүмкіндігі болып табылады экономикалық пайда (рента) пайдаланумен байланысты билік өкілеттіктерін, тежейтін басты фактор — тәуекел әшкерелеу мен жазалау

Сыбайластық – өмірдің қара жолына әкеп соқтырады!

Заңнамаға сәйкес , сыбайлас жемқорлық — бұл қызмет бабын теріс пайдалану, пара беру, пара алу, өкілеттігін теріс пайдалану, коммерциялық параға сатып алу не өзге де заңсыз пайдалануы, жеке тұлға өзінің лауазымдық жағдайына қарамастан заңды мүдделеріне, қоғамның және мемлекеттің алу мақсатында пайда түріндегі ақша, құндылықтар, өзге мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер, өзге де мүліктік құқықтарын, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін немесе заңсыз беруі, осындай пайданы аталған тұлғаға басқа жеке тұлғаларға; сондай-ақ жасағаны үшін аталған әрекеттер атынан немесе мүддесінде заңды тұлға.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес:

- 1) барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігі;
- 2) мемлекеттік органдардың қызметін анық құқықтық регламенттеуді, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттік аппараттың құрылымдарын, кадр жұмысын жеке және заңды тұлғалар құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешу рәсімдерін жетілдіру;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық ұйымдық-басқару жүйелерін қорғаудың басымдығы;

Жемқорлыққа жол жоқ!

Адамгершілік, әділеттілік туралы мақал-мәтелдер.

1. Адамгершілік болмай,
Әділдік болмас.
2. Адамның ұяты бетінде,
Адамгершілігі ниетінде.
3. Адалдық — ардың ісі.
4. ШЫНДЫҚ ЖОҚ ЖЕРДЕ, СҰМДЫҚ КӨП.
5. Адамның әдемілігі шыншылдығында.
6. Ақихат сөзде алалық жоқ.
7. Әділ айтқан жеңер.
8. Әділдікке жығылмайтын адам жоқ.
9. Әкімнің әділ болмаса жұрт бұзылады,
Саудан әділ болмаса нарық бұзылады.

**Сыбайлас
жемқорлықтан
ҚАЛАЙ
ҚОРҒАНУҒА
болады**



- 1.Пара бермеу және алмау.
- 2.Мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігіңмен жетуге тырыс.
- 3.Парақорлықты көрсеніз жергілікті органдарға және ақпарат көздеріне хабар беріңіздер

Қорытынды:

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Жоқ!

Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын!

Назар аударғандарыңызға рахмет!



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

28.08.2024 г.
Жанаарқа кенті

№ 113
поселок Жанаарқа

**Сыбайлас жемқорлықтың
алдын алу жөніндегі
шаралар туралы**

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мектепте Ішкі тәртіптік заңидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мектеп мұғалімдері мен оқушылар аралығында арнайы жоспар жасалып түсіндірме жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Мектеп ережесіне сай жұмыстың атқарылуы үнемі назарға алынсын.

3. Мектепте ақша жинауға тыйым салынсын.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін құруға және осы бағыттағы жұмыстарды атқару директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.Б.Жумасейітоваға міндеттелсін.

Мектеп директоры 
Таныстым  Жумасейітова Г.Б.

Р.С.Рахимов

С. Сейфуллин атындағы ЖББ мектебінде 2024 - 2025 оқу жылындағы

жемқорлықтың алдын-алуға арналған жұмыстардың есебі.

Сыбайлас жемқорлық ел дамуына кедергі келтіреді. Бұл жемқорлықтың қоғам үшін, адамзат үшін келтіретін ең басты зияны. Алайда, сыбайлас жемқорлықтың залалы тек мемлекеттің дамуына тосқауыл қобынан ғана көрінбейді. Қоғамда мұндай кеселдің орнығуы, қалыпты жағдайға айналуына азаматтардың болашаққа деген сенімін әлсіретеді. Барлық мәселенің жең ұшынан жалғасып шешілетінін, коррупцияның етек жайғанын күнделікті көріп, біліп жүрген халықтың билікке қатысты көзқарасы төмендейді.

Мұның соңы азаматтардың өз қабілетіне иек артпауына, болашаққа жоспар құрмауына әкеледі. Осылайша жалпы қоғамда барлық мәселе тек тамыр-таныстықпен, жемқорлықпен шешіледі деген түсінік орнығады. Ал өз елі сенбейтін, өз халқы тірек көрмейтін мемлекетке басқа елдердің қызығуы әсте мүмкін емес. Бұл өз кезегінде мемлекеттің халықаралық байланыстан тыс өмір сүруіне, экономикалық, саяси байланыстардың шектелуіне ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған уақыттан бері сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізіп келеді. Біздің еліміз тәуелсіз мемлекеттер достастығына кіретін мемлекеттер арасында бірінші болып жемқорлыққа қарсы заң қабылдады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы бұл заң 1998 жылы қабылданып, елдегі ашықтықты қамтамасыз етуге, жемқорлыққа тыйым салуды мақсат етті.



Мектептің дәлізіне «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында стенд жасалды.

Әрине, заман алға жылжыған сайын заңдардың да жаңарып, толықтырулар мен өзгерестер енгізуді талап ететіні рас. Қазақстандағы заңдарды ізгілендіру, қылмысқа жаза тағайындаудан гөрі, қылмыстың алдын алудың мықты тетіктерін енгізу бағытында қолға алған ауқымды іс-шараларының нәтижесінде 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы заң қолданысқа енгізілді. Бұл заң кеселдің салдарымен емес, себебімен күресуге бағыттталып отыр.

Сәйкесінше осы заңды басшылыққа алған құзырлы органдар сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің, ашық, қолжетімді қызмет көрсетудің механизмін жасауда. Бұл қатарда еліміздің сот құрылымы да бар. Бүгінде сот саласында көрсетілетін қызметтер толық электрондық форматқа көшірілген. Енді сот ғимаратына арнайы келудің, кезекке тұрудың, көптеген анықтама жинаудың қажеттілігі жоқ. Мұның өзі жемқорлық тәуекелдерінің алдын алады.

Сонымен бірге, судьялардың тараптармен процесс барысында, процестен тыс байланысуына да тосқауыл қойылған. Сот ғимараты 100 пайыз дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен қамтылғандықтан, жемқорлыққа жол берілмейді деп сеніммен айтуға болады.





С. Сейфуллин атындағы ЖББ мектебінде 2024 – 2025 оқу жылындағы жемқорлықтың алдын-алуға арналған жұмыстар әр тоқсан сайын жүргізілді.



Мектеп педагог-психологы Шакенов Айбол Төлеубайұлы мұғалімдерге педагогикалық кеңесте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында слайд көрсетіп, баяндама оқыды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық туралы өмірден алынған бейнетаспаларды көрсетті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды, тұжырымдамаларды түсіндірді. Тренинг өткізді.

Мұғалімдер мектепте мереке күндері және мерекелік іс шараларда, туған күндерде ата-аналардан, оқушылардан сыйлық алмау керектігі айтылды және оқушылардан, ата-аналардан қаражат жинамау керектігі түсіндірілді.

